



Сабақтың тақырыбы: Қарама-қарсы мағыналы сөздер



2 ә сынып
Бекжанова Б.С.



А) Білімділік: Оқушылардың сөз және мәндес , қарама-қарсы мағыналы сөздер туралы түсініктерін кеңейту. Сөйлемдегі сөздер бір-бірімен қалай байланысатыны туралы не білетіндерін нысықтау.

Ә) Дамытушылық: :

Балалардың логикалық ойлауын, байланыстырып сөйлеуге үйрету, сөздік қорларын қалыптастыру. Ой-өрісін дамыту, тіл байлығын қалыптастыру.

Б) Тәрбиелілік:

Өз бетінше оқу-жазуға, сөйлем соңында тыныс белгілерді дұрыс қоя білуге үйрету.

Сауатты , әдемі жазуға , ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Психологиялық дайындық:



Мұғалім:

Қара достым жан-жаққа,
Дайынсың ба, сабаққа?
Орнында ма, қарандар,
Кітап, дәптер, қаламдар.

Оқушылар:

Қарадық біз жан-жаққа,
Дайындықты көрейік.
Орнында тұр барлығы,
Сабақты бастай берейік.

Қай топ жылдам?

Сөз
нелерден
құралады?

Сөйлем нешеге
бөлінеді?

Қандай сөздер
болады?

Сөйлемдегі сөздердің
байланысын қалай
білеміз?

Мәндес сөзді тап:
Ағайын, кең, туыс, мол,
тарылту, ақсақал,
кішірейту, қария

Топпен жұмыс.

1 топ: Айшаның апасы тамақ пісірді. /сөйлемдегі сөздердің байланысын көрсет/

2 топ: Ақсақал сөзіне дыбыстық талдау жаса.

3 топ: Сөйлемді керекті сөзбен толықтыр:
Кәмшаттың құрбысы келді.

Алматы

Алматыдан

Алматының







**Қарама-қарсы
мағыналы
сөздер**



**Тілімізде мағынасы бір-біріне қарама-қарсы
сөздер болады.**

Қатты - ...

Үлкен – ...

Биік – ...

Оңай - ...

Төмен - ...

Жылы - ...

1 –жаттығу.

Суреттегі заттарды мына сөздерді пайдаланып салыстыр: үлкен-кіші, биік-аласа, қымбат-арзан.





2 – жаттығу.

Мақалды көшіріп жаз, қарама-қарсы мағыналы сөздерді тауып, астын сызу.

**Озған – мұрат,
Қалған – ұят.**

Игіліктің ерте- кеші жоқ.



3- жаттығу.

Бірінші қатардағы сөздерге екінші қатардан қарама-қарсы мағыналы сөздерді тауып жаз.

тар

жас

қалың

кіру

көшу

жұмсақ

ұзын

қону

қатты

қысқа

жұқа

кәрі

кең

шығу





4 – жаттығу.

Жұмбақтарды шеш және көшіріп жаз.
Мағынасы қарама-қарсы сөздердің астын сыз.

Жазғы киімі жасыл,
Қысқы киімі ақшыл.

Күндіз көрінбейді,
Түнде күлімдейді.



Топпен жұмыс.

● Аласа ...	Алыс ...	Күн ...
● Кең ...	Суық ...	Тәтті ...
● Ауыр ...	Ұзын ...	Батыр ...
● Қатты ...	Кәрі ...	Үлкен ...
● Ерте ...	Жіңішке...	Биік ...
● Жылы ...	Ащы ...	Жұмсақ...
● Ақ ...	Жуас ...	Қалың ...
● Жуан ...	Кіру ...	Жаз ...

Сергіту сәті.

Өз бетімен жұмыс



1. Шие – ащы жеміс, ал пияздың дәмі тұщы.
2. Қыста күн жылы болады, жазда салқын болады.
3. Түлкі аш, қасқыр айлакер.
4. Қант ащы, тұз тәтті.

(Адасқан сөздерді өз орнына қой)





**Сабақты
бекіту.**

**3 топ бір-біріне сұрақ қою арқылы
қорытындылаймыз.**

Олар өздерін бағалайды.

Үйге тапсырма: 5 – жаттығу.



